

Жаңаарқа ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтары жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 34/200 шешімі.

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Жаңаарқа аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қосаберілген қосымшаға сәйкес Жаңаарқа ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтары жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаарқа аудандық мәслихатының төрағасы

Ю.А.Бекқожин

Жаңаарқа аудандық мәслихатының

2025 жылғы 25 желтоқсандағы

№36/208

шешіміне 1 қосымша

Жаңаарқа ауданыны бойынша халық үшін қаттытұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Ескерту. Шешім қосымшамен толықтырылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 25.12.2025 № 36/208 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Атауы	Жинақталу нормасы Жылна 1 тұрғынға м3	Есептік бірлігі	Қызметтердің құны ТБО (ҚҚС-сыз тенге)			Барлығы (ҚҚС-сыз тенге)	
			Жинау және тасымалдау	Көму	Сұрыптау	ҚҚС-сыз	ҚҚС-қоса
Жайлыүйлер	1,82	Б і р тұрғынға	345,80	149,69	0,00	495,49	554,95
Жайлыемес үйлер	1,97	айына	374,30	162,03	0,00	536,33	600,69
Жеке жіне заңды тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	-	1 м3	2280,00	987,00	0,00	3267,00	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК